

Түсіндірме хаттамасы

Қатынасқандар:

«10» маусым 2024 жыл

Аудандық аурухана мен емхананың қызметкерлері,
дәрігерлік амбулаториялардың аға дәрігерлері,
Барлығы – 63 қызметкерлер қатынасты.

**Төраға: С.Р.Ермуханова – аудандық аурухана директорының
уақытша міндеттін атқарушы**

Хатшы: С.Ж.Дюсенбиеv - зангер

Күн тәртібінде

*Индер аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік
кәсіпорынында сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы және қолданыстағы
заңнамалар бойынша түсіндірме жұмыстар туралы*

Төрағалық етуші аудандық аурухана директорының у.м.а С.Ермуханова: жиынға қатынсшыларды облыстық деңсаулық сақтау басқармасы мен сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігі тарапынан келіп жатырған қызметтік хаттармен кәсіпорынның қызметкерлері таныстырылып отырғандықтан, қызмет барысында сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында жұмыстар тұрақты турде жалғасатындығын ескерте келе, дәрігерлер мен аға ембикелерді, ембикелерді, әкімшілік қызметкерлерді сыйбайлас жемқорлыққа жол бермеу жөнінде қатаң ескертті.

Кәсіпорынның әрбір қызметкери ҚР Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын қатаң сақтауға міндетті екендігін айтты өтті.

Аурухана зангері С.Ж.Дюсенбиеv:

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған заңнамаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп келеді.

Үстіміздегі жылдың 19 сәуірінде «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына төмендегідей өзгерістер енгізілді:

1) 8-баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауды сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша айқындастын тәртіппен сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган мынадай бағыттар:";

2) 11-баптың 11-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі функцияларды орындауға қатысатын жеке және заңды тұлғалар мемлекеттік меншікпен байланысты мүліктік сипаттағы барлық мәмілелер мен қаржылық қызмет туралы есептерді мемлекеттік мүлікке қатысты меншік иесінің құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік органға мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде ұсынады.";

3) 24-баптың 3-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзгеше түрде жәрдем көрсететін (көрсеткен) адам Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне, Қазақстан Республикасының Енбек кодексіне, "Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және осы Заңға сәйкес мемлекеттің қорғауында болады және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган айқындаған тәртіппен көтермеленеді.".

Аталған өзгерістер сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылдың тиімділігін арттыруға бағытталған.

Қызметкерлерге ұжымда жемқорлыққа жағдай туғызатын жағдайлар немесе оқиғалар болған жағдайда міндетті түрде кәсіпорын басшысы мен комплаенс офицерге хабарлау қажет екендігін атап кетті.

Төрага

С.Ермуханова

Хатшы

С.Дюсенбиев